

«Бекітемін»

«Атырау облысы Ішкі саясат  
басқармасының Азаматтық  
орталығы» КММ-сі директоры

*Ж.Доскалиева*

«25» «08» 2022 ж.

## «Demeу» облыстық конкурсын өткізу туралы ЕРЕЖЕ

### 1. Жалпы ережелер

1.1.«Demeу» облыстық конкурсы (бұдан әрі – Конкурс) Атырау облысының әлеуметтік және қоғамдық пайдалы міндеттерді шешуге үлес қосқан волонтерлер мен волонтерлер тобын көтермелеуге бағытталған. Конкурс шеңберінде **6** волонтер жобасына, *әрқайсысына міндетті ұсталымдар ұсталып, 400 000 (төрт жүз мың)* теңге көлемінде жобаны жүзеге асыруға қаражат табысталады және жоба аяқталысымен жеңімпаз волонтерлерге **100 000 (жүз мың)** теңге көлемінде сыйақы табысталады.

1.2.Осы Ереже конкурсты өткізу шарттарын, мақсаттары мен міндеттерін, өткізу кезеңдерін, бағыттарды, өтінім беруге қойылатын талаптарды және жеңімпаздарды анықтау тәртібін айқындайды.

1.3. Ережеде келесі ұғымдар қолданылады:

**Ереже** – осы тәртіп негізінде қалыптастырылған, байқау өткізудің шарттары мен тәртібін айқындайтын құжат.

**Конкурс**– осы қағидаларға, әлеуметтік маңызды жобаларға қолдау көрсету үшін жеңімпазды анықтау процесі.

**Комиссия** – өтінімдерді бағалау үшін Ұйымдастырушы құратын алқалы орган.

### 2.Конкурстың мақсаттары, міндеттері және бағыттары.

2.1.Конкурс мақсаты – Атырау облысының әлеуметтік және қоғамдық пайдалы міндеттерді шешуге үлес қосқан волонтерлер мен волонтерлер тобын көтермелеу.

2.2.Конкурстың міндеттері:

- Әлеуметтік, өзекті мәселелерді шешудегі волонтерлердің белсенділігін арттыру;
- Атырау облысында волонтер қызметінің оң имиджін қалыптастыру;
- Атырау облысындағы волонтерлерді және волонтерлік ұйымдарды дамуға ынталандыру;
- Облыс көлемінде әр түрлі бағытта қызмет етіп жүрген волонтерлерді және волонтерлік ұйымдарды қоғамға таныту

2.3.Конкурстың бағыттары:

- 1) **Virgemiz:** Ауала-жануарларға арналған жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру жөніндегі іс-шаралар (жануарларға қатысты волонтерлік – жануарларды қорғауға және оларға көмек көрсетуге бағытталған ерікті қызмет)

- 2) Birgemiz: Asyl Mura-тарихи-мәдени мұра объектілерін сақтау жөніндегі іс-шаралар, волонтерлердің халықтар арасындағы бейбітшілікті, достық пен келісімді нығайтуға, әлеуметтік, ұлтаралық, конфессияаралық, этносаралық, діни жанжалдардың алдын алуға қатысуы, этно-туризм.
- 3) Birgemiz: Bilim – халықтың әртүрлі топтарын цифрлық, қаржылық, тілдік, компьютерлік сауаттылыққа оқытуда волонтерлік көмек көрсету жөніндегі іс-шаралар.
- 4) Birgemiz: Qamqor – волонтерлерді қарттар үйлеріне, халықты әлеуметтік қорғау жүйесінің әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарына тарту бойынша іс-шаралар.
- 5) Birgemiz: Saylyq – денсаулық сақтау саласына волонтерлерді тарту, науқастар күтіміне көмек көрсету үшін, оның ішінде хоспистерде, онкологиялық диспансерлерде және т.б медициналық көмектің сапасын оның барлық кезеңдерінде арттыруға арналған профилактикалық, емдеу, оңалту, донорлық іс-шаралар.
- 6) Birgemiz: Sabaqtastyq – волонтерлердің балалар үйінің тәрбиеленушілеріне, халықты әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында өмірлік қиын жағдайға тап болған балалар мен жастарға қатысты тәлімгерлік практикасын енгізу жөніндегі іс-шаралар.
- 7) Birgemiz: Taza alem – қоршаған ортаны қорғау, өзендер мен ормандарды тазарту, ағаш отырғызу, қоқыстарды сұрыптауға үйрету жөніндегі іс-шаралар (эко-волонтерлік – қоршаған ортаны сақтауға, экологиялық проблемаларды шешуге бағытталған ерікті қызмет).
- 8) Birgemiz: Umit – (ТЖ волонтерлік) – жоғалған адамдарды іздеу, апаттар қаупін азайту және табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың салдарын жоюға қатысты жобаларға волонтерлерді тарту, халық арасында қауіпсіздік мәдениетін насихаттау жөніндегі іс-шаралар, сондай-ақ, Ұлы Отан соғысындағы біздің отандастарымыздың ерліктері туралы баяндайтын құжаттарды іздестіру жөніндегі жобалар.
- 9) Медиа-волонтерлік – «Жақсылық жаршысы» жобасын іске асыру және әлеуметтік жобаларды ақпараттық жариялау, волонтерлер қозғалысын насихаттау бойынша басқа да ерікті қызметтер атқарып жүрген волонтерлерге қолдау білдіру.
- 10) Мәдениет саласындағы волонтерлік – мәдени мұраны сақтауға және насихаттауға, мәдени кеңістіктердің ашықтығы мен қолжетімділігі атмосферасын құруға, мәдени бірегейлікті қалыптастыруға, жастар арасында мәдени саланы насихаттап, тарихи жадыны сақтауға бағытталған іс-шаралар.
- 11) Басқа әлеуметтік волонтерлік – азаматтардың белгілі бір санаттарына: мемлекеттің ерекше назарын қажет ететін балаларға, қарт адамдарға ардагерлерге, мүмкіндігі шектеулі адамдарға және т.б. көмектесуге бағытталған ерікті қызмет.

### **3. Байқау қатысушыларына қойылатын талаптар.**

3.1. Конкурса Атырау облысында қызмет ететін волонтер (жеке тұлға) немесе волонтерлік ұйым қатыса алады.

3.2. Конкурс жеңімпаздары жобасын Атырау облысы аумағында жүзеге асырады.

#### **4.Жобаларға қойылатын талаптар.**

4.1. Жоба Ережеде көрсетілген бағыттың біреуіне сай болуы;

4.2. Жоба ережедегі №1, №2, №3, №4 қосымша талаптарына сәйкес толтырылуы.

4.3. Ұйымның құрылтай құжаттары (Жарғы, тіркеу туралы куәлік) қосымша жалғануы;

4.4. Конкурс қаражатын объектілерді күрделі жөндеуге және салуға, жылжымайтын мүлікті және жабдықтарды сатып алуға жұмсауға жол берілмейді;

4.5.Конкурс құжаттары электрондық нұсқада [demey.gcenter.atr@gmail.com](mailto:demey.gcenter.atr@gmail.com) поштасына белгіленген күнге дейін жіберуі керек. Мерзімінен кейін келіп түскен өтінімдер қабылданбайды;

4.6.Конкурсқа қатысушы волонтер немесе волонтерлік ұйым басшысы комиссия алдында өз жобасын презентация арқылы қорғайды. Презентация еркін форматта дайындалады, 5 беттен аспауы міндетті.(Көрнекілік құралдар, әр түрлі жобаға қатысты туындыларын алып келуге болады)

4.7. Волонтер (жеке тұлға) немесе волонтерлік ұйым жеңімпаз деп танылған күннен бастап 45 күн ішінде жобаны жүзеге асыруға міндетті.

#### **5. Конкурс комиссиясы.**

5.1.Конкурс комиссиясы құрамын әлеуметтік сұрақтарға жетекшілік ететін мемлекеттік органдар, үкіметтік емес ұйымдар, бұқаралық ақпарат құралдары өкілдерінен және басқа да мүдделі адамдардан құрылады. Жобаға қатысуға өтінім берген волонтер (жеке тұлға) немесе волонтерлік ұйым өкілдері комиссия құрамына енгізілмейді.

5.2.Конкурс комиссиясының мүшелері жеңімпаздарды таңдау кезінде байқаудың мақсаттарына, міндеттеріне және шарттарына сәйкес шешімдерді әділ шығаруға міндеттенеді.

5.3.Конкурс комиссиясының отырысы, егер оған оның мүшелерінің жартысынан астамы қатысса, заңды болып табылады.

5.4.Байқау комиссиясының шешімі хаттамамен рәсімделеді, онда оның мүшелерінің ерекше пікірлері көрсетілуі мүмкін. Хаттамаға байқау комиссиясының төрағасы, мүшелері және хатшысы қол қояды.

5.5.Конкурс комиссиясының шешімдері қайта қарауға жатпайды.

5.6.Өтінімдерді бағалау және жеңімпаздарды айқындау барысында «мүдделер қактығысы» жағдайы туындаған кезде, жеке мүдделілігі шешім қабылдау үрдісіне әсер етуі мүмкін комиссияның мүшесі туындаған «мүдделер қактығысы» туралы ұйымдастырушыларға хабарлауға және комиссия мүшелігінен бас тартуы тиіс.

#### **6.Конкурсты ұйымдастыру және өткізу тәртібі.**

6.1. Өтінімдер [demey.gcenter.atr@gmail.com](mailto:demey.gcenter.atr@gmail.com) поштасына 25 тамыздан 22 қыркүйек сағат 18:00-ге дейін қабылданады.

6.2. Өтінімдер әр комиссия мүшесіне қағаз форматта ұсынылады.

6.3. Әр волонтерге немесе волонтерлік ұйымға жобасын қорғауға 3 минут уақыт беріледі.

6.4. Комиссия отырысының қорытындысы бойынша 6(алты) волонтер немесе волонтерлік ұйым жобасы жеңімпаз деп танылады.

6.5. Комиссия отырысының шешімі бойынша жеңімпаз деп танылған 6 (алты) волонтер немесе волонтерлік ұйым жобасына, **әрқайсысына міндетті ұсталымдар ұсталып, 400 000 (төрт жүз мың) теңге** көлемінде жобаны жүзеге асыруға қаражат табысталады және жоба аяқталысымен жеңімпаз волонтерлерге **100 000 (жүз мың) теңге** көлемінде сыйақы табысталады.

## 7. БАҒАЛАУ ӨЛШЕМДЕРІ.

7.1. Комиссия мүшелері жобаларды 5 балдық шкала бойынша, төменде көрсетілген өлшемдер бойынша бағалайтын болады.

*Бір комиссия мүшесінің бағалау парағының Үлгісі:*

№	Бағалау өлшемдері	Баға (0-5 балл)
1	Міндетті құжаттардың толықтай болуы	5
2	Жобаның өзектілігі	5
3	Жобаның тұрақтылығы	5
4	Атқарылған шаралары (соңғы 3 жыл ішінде)	5
5	Бюджеттің негізділігі	5
	<b>Қойылған балдардың жалпы саны:</b>	

7.2.Ең жоғары балл жинаған 6 (алты) волонтер немесе волонтерлік ұйым жеңімпаз болып танылады.

7.3.Екі және одан да көп өтінімдер бірдей балл санын жинаған жағдайда, атқарылған қызметі мен шаралар саны есептеледі.

## 8. ЕСЕПТІЛІК ТӘРТІБІ

8.1. Өтініш берушілерге гранттар бөлу конкурс комиссия отырысының қорытынды хаттамасы негізінде жүзеге асырылады.

8.2. Жеңімпаз деп танылған 6 волонтер немесе волонтерлік ұйым өкілінің әрқайсысына 400 000 теңге көлемінде қаржы бөлінеді. Жоба аяқталған соң әрқайсысына міндетті ұсталымдар ұсталып 100 000 теңге көлемінде сыйақы табысталады.

8.3. Әлеуетті өнім беруші әр жобаға бөлінген қаржы шеңберінде жобаның сметасында көрсетілген қажетті заттың сомасын, заңдастырылған мекеменің есеп шотына үстеме шығындары (накладной) және шот-фактура (счет-фактура) арқылы төлеуді жүзеге асырады. **(Ескерту: жобаға бөлінген қаржы қолма-қол берілмейді)**

8.4. Жобаны және сметаны түзетуге байқауды ұйымдастырушының келісімімен ғана, оны жазбаша хабардар ету жолымен жол беріледі.

8.5. Байқауды ұйымдастырушылар конкурс жеңімпаздарының жобаны іске асыру барысын жүргізіп, қорытындысын бақылауға алады және волонтер немесе волонтерлік ұйым жоба жүзеге асқаннан кейін есеп кестесін үлгіге сәйкес ұсынады:

*Есеп кестесінің үлгісі*

<i>Жобаның атауы</i>	<i>Мерзімі</i>	<i>Жоба орындалысының қысқаша сипаттамасы (қамтылған адам саны, фотосуреттері, әлеуметтік желідегі жарияланымға сілтеме)</i>	<i>Жобаның нәтижесі</i>

Толтыру күні: 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_.

Лауазымы (қолы) Т.А.Ә.

Мөр орны (болған жағдайда)

**8.6. Жоба тиісінше орындалмаған, қаражатты мақсатсыз пайдаланған және есептілікті уақытылы тапсырмаған кезде конкурс жеңімпаздары конкурс қаражатын толық көлемде қайтаруды жүзеге асыруға міндеттенеді. Сомасы мен мерзімі айқындалатын болады.**

8.7. Конкурс жеңімпаздары жобаны іске асыру барысы, оның кезеңдері мен нәтижелері туралы ақпаратты әлеуметтік желідегі парақшаларына gcenter.atr инстаграм парақшасын белгілеп, **#DemeýGC** хэштегімен жариялауға міндетті.

## Заңды тіркелген волонтерлік ұйым үшін

р/с №	Атауы	Ақпарат
1.	Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға немесе заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлікке сәйкес конкурсқа үміткердің атауы	
2.	Мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) күні	
3.	Бизнес сәйкестендіру нөмірі	
4.	Заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) анықтамасына немесе жеке куәлігіне сәйкес заңды мекен жайы	
5.	Қызметінің мәні (Жарлыққа сәйкес)	
6.	Бірінші басшының тегі, аты, әкесінің аты, лауазымы, байланыс телефонының (оның ішінде мобилды) нөмірлері және электрондық поштасы	
7.	Әлеуметтік желідегі парақшасы(болған жағдайда)	
8.	Қызмет көрсілететін банктің атауы, БСК және жеке сәйкестендіру коды	
9.	Соңғы 3 жылда атқарылған жұмыстары	
10.	Қоғамдық пайдалы, әлеуметтік маңызы бар қызметті растайтын құжаттардың көшірмесі (Алғыс хат, БАҚ-та шыққан материалдар сілтемесі, фотосуреттері).	

Толтыру күні: 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_.

Лауазымы

(қолы)

Т.А.Ә.

Мөр орны (болған жағдайда)

## Занды тіркелмеген волонтер (жеке тұлға) үшін

р/с №	Атауы	Ақпарат
1.	Аты-жөні	
2.	Жұмыс орны (болған жағдайда)	
3.	Волонтерлік бағыттағы атқарған жұмысы (соңғы 3 жылдың ішіндегі шараларды дәлелді құжаттарымен (фото суреттер) көрсету)	
4.	Қоғамдық пайдалы, әлеуметтік маңызы бар қызметті растайтын құжаттардың көшірмесі (Алғыс хат, БАҚ-та шыққан материалдар сілтемесі немесе газет беттеріндегі мақалалар көшірмесі әлеуметтік желідегі материалдар сілтемесі).	
5.	Байланыс телефонының (оның ішінде мобильді) нөмірлері және электрондық поштасы	
6.	Әлеуметтік желідегі парақшасы (болған жағдайда)	

Жоба туралы ақпарат		
1	Жобаның атауы	
2	Жобаның мақсаты мен міндеті	Жоба бойынша қызметтің нәтижесін және келесі оған қол жеткізу қадамдары
3	Жобаның өзектілігі	Жобаның өзектілігі мен әлеуметтік маңыздылығын негіздеу:
4	Жобаның мақсатты тобы және қамтылатын адам саны	Жобаның бенефициарлары мен тартылған серіктестерді анықтайды
5	Жобаның іске асырылу мерзімі	Жобаның іске асырылу уақыты
6	Жобаның қысқаша сипаттамасы	Міндеттерді шешуге және мәлімделген нәтижелерге қол жеткізуге арналған іс-шараларды кезең-кезеңімен көрсете отырып, жобаның іске асырылу тәртібін сипаттау
7	Күтілетін нәтижелер	- қысқа және ұзақ мерзімді нәтижелер, жоба мақсатты топтың әлауқат деңгейін, өмірін қалай өзгертеді.
8	Жобаның тұрақтылығы	Жоба аясындағы қаражат аяқталғаннан кейін жобаны іске асыруды жалғастыру мүмкіндігі

Толтыру күні: 20\_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_.

Лауазымы (қолы) Т.А.Ә.

Мөр орны (болған жағдайда)



**Шығыстар сметасы**

(Ұйым атауы )

№	Шығындар	Өлшем бірлігі (неше ай н/е саны)	Сомасы	Жалпы сомасы

**Төраға:**\_\_\_\_\_  
(КОЛЫ)**Бас бухгалтер:**

(болған жағдайда)

М.О.

\_\_\_\_\_  
(КОЛЫ)